

**КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ
АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС
УНИВЕРСИТЕТІ**



**УНИВЕРСИТЕТ
МЕЖДУНАРОДНОГО БИЗНЕСА
ИМЕНИ КЕНЖЕҒАЛИ
САҒАДИЕВА**

**Кенжеғали Сағадиев атындағы
ХБУ-дың Ғылыми Кеңесімен
БЕКІТІЛДІ
26.01.2024ж, № 6 хаттама
Төраға Махметова А.М.**

ҒЫЛЫМИ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕЛЕР

**«КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС
УНИВЕРСИТЕТІ» ЖШС**

5 БАСЫЛЫМ

Қол қойылған күннен бастап күшіне енгізілді

Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

Құжаттың паспорты	3
Келісу парағы.....	4
1. Жалпы ережелер	5
3. Негізгі міндеттер	5
4. Функциялар	6
5. Ұйымдастырушылық құрылым	7
5.1. ХБУ-дың Ғылыми комитетін Төраға басқарады.	7
5.2. ХБУ-дың Ғылыми комитетінің Төрағасы Ғылыми комитеттің қызметіне жетекшілік етеді және Ғылыми комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына жеке жауапты болады.	7
6. Өкілеттіктері мен міндеттері	8
7. Жауапкершілік.....	9
8. Басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара әрекеттесу	9

Құжаттың паспорты

Құжаттың түрі	Ереже
Құжаттың атауы	Ғылыми комитет туралы ережелер
Құжаттың мақсаты	Ғылыми комитеттің қызметін сипаттау және регламенттеу: міндеттері, функциялары, өкілеттіктері, өзара іс-қимыл
Әзірлеу	Ғылыми-зерттеу жұмысы департаментінің директоры (ҒЗЖ)
Келісу	Ғылым жөніндегі проректор, Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысы, Бас бухгалтер Заң кеңесшісі
Бекіту	ХБУ-дың бірінші басшысы
Құжаттың орындаушылары	Ғылыми комитет, кафедралардың мүшелері
Орындалуын бақылау	Ғылым жөніндегі проректор
Құжатқа қосымша	Жоқ
Ерекшеліктер	Жоқ
Нормативті сілтемелер	– 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен). – 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (өзгерістері мен толықтыруларымен); – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 болып тіркелген) (өзгерістері мен толықтыруларымен)
Түпнұсқаның иесі	СҚО

Келісу парағы

Ереже келісілді:

Ғылым жөніндегі проректор
Нұрғалиева Қ.О. _____

«__» _____ 2024 ж.

Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысы
Қабдесов К.Т. _____

«__» _____ 2024 ж.

Бухгалтерлік және қаржылық есеп департаментінің директоры
Хасанова М.Г. _____

«__» _____ 2024 ж.

Заң кеңесшісі
Алибекова А.К. _____

«__» _____ 2024 ж.

Әзірленді:

ҒЗББ меңгерушісі
Жусупова Ж.М. _____

«__» _____ 2024 ж.

Редакциялау және рәсімдеу:

СҚО project менеджері
Дузбаева Р.М. _____

«__» _____ 2024 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1. Ғылыми комитет (бұдан әрі - ЖК) Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті» ЖШС (бұдан әрі – Университет немесе ХБУ) ХБУ-дағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының (бұдан әрі – ҒЗЖ) орындалу нәтижелерін бағалау жөніндегі Ғылыми кеңестің жедел қызметін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

1.2. Ғылыми комитет ХБУ-да ғылыми қызметті ұйымдастыруды жетілдіру, сондай-ақ жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын сапасы мен тиімділігін арттыру мәселелерінің барлығы бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1 Осы Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде және оларға сәйкес әзірленді:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (*өзгерістер мен толықтырулармен*).
- 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (*өзгерістері мен толықтыруларымен*);
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 болып тіркелген) (*өзгерістері мен толықтыруларымен*)
 - «ХБУ» ЖШС-нің Жарғысы;
 - «ХБУ» ЖШС-нің академиялық саясаты;
 - Ішкі тәртіп ережелері;
 - Осы Ереже.

3. Негізгі міндеттер

Ғылыми комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

3.1. ХБУ-дың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру, үйлестіру және сараптамалық бағалау.

3.2. ХБУ-дың ғылыми жұмысының, оның ішінде Research Oriented Study бағдарламасын қоса алғанда перспективалық бағыттарын және оны жетілдіруге арналған ұйымдастырушылық шараларды айқындау.

3.3. ХБУ қызметінің негізгі ғылыми бағыттары бойынша жылдық және перспективалық жұмыс жоспарларын талқылау, ғылыми жетістіктерді практикалық қызметке енгізудің міндеттерін, нысандары мен әдістерін айқындау.

3.4. ХБУ-дың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының практикалық, ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі

жоспарларын, бағдарламаларын, сондай-ақ есептерін қарау.

3.5. Құрылымдық бөлімшелердің және жалпы алғанда ХБУ-дың ғылыми дамуының перспективаларын айқындау.

3.6. ХБУ-дың халықаралық және отандық ғылыми-практикалық гранттық жобаларды орындауға қатысуы жөніндегі мәселелерін қарау.

3.7. Қызметкерлердің ғылыми іссапарларының нәтижелерін ұсынылған есептер негізінде бағалау.

3.8. ХБУ қызметінің профилі бойынша ғылыми-зерттеу және практикалық жұмыстарды ғылыми-ақпараттық, патенттік-лицензиялық, штаттық-кадрлық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету мәселелерін қарау.

3.9. Қызметкерлердің ағымдағы және перспективалық даярлығы мен біліктілігін арттыру, басқарушы құрам резерві мен жас мамандармен жұмыс мәселелерін қарау.

3.10. Бос басшылық лауазымдарға қызметкерлердің кандидатураларын ұсыну.

3.11. ХБУ-дың форумдарға, конференцияларға, симпозиумдарға және көрмелерге қатысуы жөніндегі ұсыныстарын қарау.

3.12. Баспаға ұсынылатын ХБУ қызметкерлерінің басшылық құралдары, монографиялары, оқулықтары және өзге де жарияланымдары бойынша жоспарларды талқылау және өтінімдерді қарау.

3.13. Жас мамандардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарларын қарау және мақұлдау.

3.14. UIB Students' Research Team стипендиялық бағдарламасы (бұдан әрі – Конкурс) шеңберінде конкурсты ұйымдастыру және өткізу, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді айқындау.

3.15. Ғылыми жетістіктерді көрмелерге экспозиция ретінде ұсыну жөніндегі ұсыныстарды қарау, сондай-ақ ғылыми еңбектер мен олардың орындаушыларын ғылыми жетістіктері үшін мемлекеттік, атаулы және басқа да сыйлықтарға, стипендияларға және құрметті атақтарға ұсынуды бекіту және қолдау туралы мәселелерді қарау.

3.16. Ізденушілердің диссертациялық жұмыстарының тақырыптарын, сондай-ақ PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстардың ғылыми жетекшілері (кеңесшілері) кандидатураларын қарау және мақұлдау.

4. Функциялар

Ғылыми комитеттің негізгі функциялары мыналар:

4.1 ХБУ-дың ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыттарын айқындау.

4.2 Ғылыми-зерттеу жұмыстарын, оның ішінде халықаралық зерттеу жобалары мен Research Oriented Study бағдарламасының орындалуын бақылауды жүзеге асыру.

4.3 Ғылыми-зерттеу жұмыстарының (ҒЗЖ) орындалған нәтижелерін және оларды практикаға енгізу жөніндегі ұсыныстарды бағалау.

4.4 ХБУ-дың ғылыми қызметінің негізгі бағыттары бойынша отандық және шетелдік ғылыми зерттеулердің қазіргі жағдайына салыстырмалы талдау жүргізу.

4.5 UIB Students' Research Team стипендиялық бағдарламасы аясындағы байқауды (бұдан әрі – Байқау), оған білім алушылардың қатысу тәртібін және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтауды ұйымдастырушылық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету.

4.6 Ұлттық және халықаралық конференцияларды, симпозиумдарды, семинарларды және ғылыми мектептерді ұйымдастыруға және өткізуге қатысу.

4.7 Ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалу барысы жөнінде кафедра меңгерушілерінің, декандардың есептерін тыңдау.

4.8 Қазақстандық және шетелдік ғылыми-зерттеу ұйымдарымен тікелей ғылыми байланыстар орнату жөніндегі қызметті үйлестіру.

5. Ұйымдастырушылық құрылым

5.1. ХБУ-дың Ғылыми комитетін Төраға басқарады.

5.2. ХБУ-дың Ғылыми комитетінің Төрағасы Ғылыми комитеттің қызметіне жетекшілік етеді және Ғылыми комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына жеке жауапты болады.

5.3. ХБУ-дың Ғылыми комитеті өз құрамынан Төрағаның орынбасарын және Ғылыми комитеттің хатшысын сайлайды.

5.4. ХБУ-дың Ғылыми комитеті Төрағасының орынбасары ғылым докторы, ғылым кандидаты немесе PhD ғылыми дәрежесіне ие болуы тиіс және Төраға болмаған кезде оның міндеттерін атқарады.

5.5. Ғылыми комитеттің хатшысы Комитет құрамынан сайланады.

5.6. Ғылыми комитет хатшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- Ғылыми комитет отырыстарының жоспар-кестелерін құрастыру;
- Ғылыми комитет отырысына қажетті материалдарды дайындау;
- Ғылыми комитет отырысының күні және уақыты туралы комитет мүшелерін хабардар ету;
- Ғылыми комитеттің шешімдерін рәсімдеу;
- Ғылыми комитет жұмысына қатысты материалдарды сақтауды ұйымдастыру.

5.7. Ғылыми комитеттің жеке құрамы ХБУ Президентінің бұйрығымен бекітіледі.

5.8. Ғылыми комитеттің құрамына мыналар кіреді:

- басқарушы құрамның жалпы жиналысында сайланатын ХБУ-дың қызметкерлері;

– лауазымы бойынша комитет құрамына кіретін ХБУ қызметкерлері: декандар, олардың орынбасарлары, кафедра меңгерушілері;

– ХБУ-дың Ғылыми комитетінің құзыретіне жататын мәселелерді кәсіби әрі білікті түрде қарастыру мақсатында Ғылыми комитет мүшелерінің ұсынысы бойынша оның құрамына ғылым докторы (кандидаты), PhD докторы ғылыми дәрежесіне ие мамандар, профессор ғылыми атағы бар тұлғалар, сондай-ақ ХБУ-да жұмыс істемейтін өзге де лауазымды тұлғалар мен ғалымдар енгізілуі мүмкін.

5.9. Ғылыми комитеттің құрамынан шыққан мүшелердің орнына қосымша сайлау Ғылыми комитеттің отырысында жүргізіледі.

5.10. ХБУ-дың Ғылыми комитеті отырыста Комитет мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысқан жағдайда шешімдер қабылдауға құқылы. Шешімдер ашық дауыс беру арқылы, жай көпшілік дауыспен қабылданады және бұл Ғылыми комитет мүшелерінің қолы қойылған қатысу парағымен расталуы тиіс. Дауыстар тең болған жағдайда Ғылыми комитет Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Ғылыми комитеттің отырысы хаттамамен рәсімделеді, ол қатаң есептілік құжат ретінде сақталады. Хаттамаларға Ғылыми комитеттің Төрағасы (немесе Төраға орынбасары) және Ғылыми комитет хатшысы қол қояды.

5.11. ХБУ-дың Ғылыми комитетінің шешім жобалары қаралатын мәселе үшін жауапты тұлғалар және Ғылыми комитет хатшысы тарапынан дайындалады. Ғылыми комитеттің шешімі ХБУ-дың Ғылыми комитеті Төрағасы бекіткеннен кейін күшіне енеді.

5.12. ХБУ-дың Ғылыми комитетінің жылдық жұмыс есебі Ғылыми комитет хатшысы тарапынан әзірленеді және Комитет Төрағасы бекітеді.

6. Өкілеттіктері мен міндеттері

Жүктелген функцияларды орындау үшін Ғылыми комитеттің келесі құқықтары бар:

6.1. Өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау.

6.2. ХБУ басшылығына мынадай ұсыныстар енгізу:

- өзекті ғылыми зерттеулердің басым бағытта дамуына ықпал ету;
- келешегі жоқ ғылыми зерттеулер мен бағдарламаларды тоқтату;
- ХБУ-дың құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне кешенді тексеру жүргізу;
- Қазақстан және шет елдердің ғылыми-зерттеу ұйымдары, органдары мен мекемелерімен ғылыми әрі іскери ынтымақтастықты дамыту.

6.3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалу барысы туралы ХБУ-дың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты сұрату және алу.

6.4. ХБУ-дың Ғылыми комитетінің отырысында ғылыми жетекшілерді

және ғылыми-зерттеу жұмыстарының жауапты орындаушыларын тыңдау.

6.5. ХБУ-да жұмыс істемейтін мамандарды белгіленген тәртіппен Ғылыми комитеттің құзыретіне жататын мәселелерді кәсіби және білікті түрде қарастыру үшін тарту.

6.6. Конкурстық қаржыландыруға ұсынылатын басым ғылыми әзірлемелерді (тендерлер, гранттар және т.б.) қарастыру.

6.7. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және олардың нәтижелерін практикаға енгізу үшін ХБУ құрылымдық бөлімшелеріне бөлінетін қаржылық және техникалық ресурстардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру.

6.8. Жоғары тұрған ұйымдар алдында ғылыми жұмыстарды және олардың орындаушыларын мемлекеттік және өзге де сыйлықтарға, мемлекеттік наградаларға, сондай-ақ ХБУ қызметкерлеріне құрметті атақтар беру туралы, басқа ұйымдар қызметкерлерін де құрметті атақтарға ұсыну жөніндегі қолдаухатпен шығу.

6.9. Кафедралар мен ғылыми ұжымдардағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының ұйымдастырылуын, сапасын және орындалу барысын бақылауды жүзеге асыру.

7. Жауапкершілік

ХБУ-дың Ғылыми комитеті төмендегілер үшін жауапты:

7.1. ҒЗЖ-ның бағыттылығы мен мазмұнының негізділігіне, қойылған міндеттерді, бюджеттік қаржыландыру көлемін, сондай-ақ отандық және бірлескен шетелдік ғылыми жұмыстарда қол жеткізілген деңгейге сүйене отырып, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің негізгі бағыттарын дұрыс айқындауға;

- орындалған жұмыстардың нәтижелерін объективті бағалауға;
- ғылыми нәтижелерді іске асыру және практикаға енгізу жөніндегі ұсыныстардың негізділігіне;
- осы Ережеде белгіленген міндеттер мен функциялардың толық орындалуына.

8. Басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара әрекеттесу

8.1 ХБУ-дың Ғылыми комитеті өз қызметін ХБУ-дың өзге құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырады.

8.2 Ғылыми комитет ХБУ-дың барлық бөлімшелерімен келесі мәселелер бойынша ынтымақтасады: зерттеу үдерісінің техникалық қамтамасыз етілуі; ақпараттық және қаржылық кеңес беру.

9. Бөлімшені тарату

9.1 ХБУ Ғылыми комитеті ХБУ Президентінің бұйрығымен құрылады және таратылады.